

«Next designer award. Empowered by Visa» акциясын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы "Next designer award. Empowered by Visa" акциясын өткізу ережелерімен (бұдан әрі - Ережелер) жеңімпазды анықтау, жүлдені тапсыру тәртібін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, "Next designer award. Empowered by Visa" (бұдан әрі – Акция) акциясын өткізу тәртібі, шарттары айқындалады.

1.2. Акция лотерея немесе құмар ойын болып табылмайды және оны кез-келген құмар ойын түрінде орындау немесе пайдалану мүмкін емес.

1.3. Акцияның ұйымдастырушысы – «Шадибеков Б.А.» ЖК (бұдан әрі – Ұйымдастырушы), мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 96 үй, 151-пәтер.

1.4. Акция «Visa International Service Association» компаниясымен серіктестікте өткізіледі, мекенжайы: 900 Metro Center Boulevard, Фостер-Сити, Калифорния, АҚШ.

1.5. «SEED AD» ЖШС, БСН 010240000038, мекенжайы: 050020, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Рубинштейн көшесі, 48, Акцияның техникалық серіктесі болып табылады.

2. Ережелер мәтінінде қолданылатын терминдердің анықтамасы

1.5. Қатысуға өтінім - осы Ережелердің 4.3-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесі.

1.6. Акция жеңімпазы - осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен жеңімпаз деп танылған Акцияға Қатысушы.

1.7. Жүлде қоры – Ережелердің 4.1-тармақшасында көрсетілген және Ережелердің 6-тарауында көзделген тәртіппен Акция Жеңімпаздарына берілетін 1, 2 және 3-орын үшін сыйлықтар;

1.8. Жеке басты куәландыратын құжат - жеке куәлік, Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты;

1.9. Қазылар алқасы - Ұйымдастырушы осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен Акция Жеңімпаздарын бағалауды, іріктеуді және айқындауды жүргізуге уәкілеттік берген тұлғалар.

1.10. Финалист – осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен Қазылар алқасының дауыс беру қорытындылары бойынша ең көп балл жинаған Акцияға Қатысушы.

1.11. Резервтік жеңімпаз – Қазылар алқасының дауыс беру қорытындысы бойынша 4 орын алған Финалистер қатарынан Акцияға Қатысушы.

1.12. Акцияға Қатысушы – 18 (он сегіз) жасқа толған, ҚР азаматтығы бар, осы Ережелердің 4.3-тармағында белгіленген шарттарды орындаған және осы Ережелердің барлық талаптарына сәйкес келетін жеке тұлға.

2. Акцияны өткізу кезеңі

2.1. Акцияны өткізу кезеңі: 20.12.2024 жылдан бастап 24.02.2025 жылға дейін қоса алғанда.

2.2. Акцияны өткізу мерзімдері мен кезеңдері:

- Өтінімдерді қабылдау: 20.12.2024-27.01.2025 жылды қоса алғанда.
- Модерация және финалистерді іріктеу: 28.01.2025-30.01.2025 жылды қоса алғанда.
- 15 финалист туралы құлақтандыру: 31.01.2025 жыл.
- Коллекцияларды дайындау: 01.02.2025-23.02.2025 жылды қоса алғанда.

2.3. Жабық іс-шарада қатысушылар коллекцияларының тұсаукесері және Қазылар алқасының дауыс беруі арқылы жеңімпаздарды анықтау: 24.02.2025.

2.4. Ұйымдастырушы кез келген уақытта Акцияны өткізу мерзімдерін, жүлде қорын және шарттарын толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған тәсілмен бұл туралы хабардар ете отырып, Акцияны өткізуді тұтастай немесе бір бөлігінде тоқтатуға, тоқтата тұруға, күшін жоюға құқылы. Елеулі өзгерістер туралы

ақпарат мына веб-сайтта www.visa.com.kz орналастырылады.

3. Акцияға қатысу шарттары

3.1. Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

3.2. Осы Ережелердің 3.2-тармағында көрсетілген Акцияны өткізу кезеңінде Қатысушылар оған Ұйымдастырушының электрондық поштасына өтінім жіберу арқылы қатыса алады: nextdesigneraward@gmail.com осы Ережелердің 3.2-тармағында көрсетілген Акцияның белгіленген мерзімдерінде.

3.3. Қатысуға өтінімде мынадай құжаттар болуы тиіс:

- Жасын, тұрғылықты жерін, байланыс деректерін көрсете отырып, дизайн және сән тәжірибесін сипаттайтын PDF форматында өзі туралы презентация.
- 3 және одан да көп слайдтардағы топтама концепті - PDF форматындағы идея, шабыт, мудбордтар.
- PDF форматындағы 10 кескінге арналған топтаманың эскиздері (конкурсанттың қалауы бойынша эскиздер форматы).

3.4. Акция шарттарына сәйкес келмейді:

- 4.3-тармақшада көрсетілген Акцияға қатысу шарттарын орындамаған тұлға;
- осы Ережелердің 4.3-тармағында аталған тізімнен толық емес өтінім және қандай да бір материалдардың болмауы.
- Осы Ережелердің 3.2-тармағында көрсетілген мерзімдерден кейін жіберілген өтінімдер.
- Акция өткізудің басталған кезде 18 жасқа толмаған тұлға;
- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын тұлға.
- Ұйымдастырушының немесе Серіктестердің қызметкері;
- Ұйымдастырушымен және/немесе Серіктестерімен ерекше қатынастармен байланысты тұлға, оның ішінде Ұйымдастырушының және/немесе Серіктестердің үлестес тұлғасы.

3.5. Акцияны өткізу қорытындысы бойынша Қазылар алқасының уәкілдерімен 2024 жылғы 26 ақпанында Акцияның 10 (он) Финалисті айқындалатын болады.

3.6. Осы Ережелердің 3.2-тармағында көрсетілген мерзімде Финалистерге қатысу үшін өтінімде ұсынылған эскиздерге сәйкес 3 толық лук тігіп, оларды Қазылар алқасының бағалауы үшін жабық іс-шарада ұсыну қажет. Топтаманы құруға байланысты барлық шығындар Қатысушылардың жеке қаражатымен жабылады.

3.7. Акцияға жеке қатысушы (соло) ретінде де, сондай-ақ бірыңғай концепция шеңберінде ортақ коллекцияны ұсынатын бірнеше қатысушының бірлескен өтінімі ретінде де қатысуға болады. Алайда, мұндай коллаборацияға екіден аспайтын қатысушы (дизайнер) қатыса алады.

4. Акцияның жүлде қоры

4.1. Жүлде қоры:

№р/р	Жүлделердің атауы	Саны, дана
1	Бас жүлде: - өз топтамаңызды тігуге арналған 4 800 000 (төрт миллион сегіз жүз мың) теңгеге баламалы 10 000 USD (он мың доллар) сомасындағы грант; - Visa Fashion Week Almaty XI маусымына тегін қатысу.	1
2	Екінші орын үшін жүлде: - Visa Fashion Week Tashkent-тің V маусымына тегін қатысу. Жүлдеге ұшу билеттері және сапар кезеңінде тұру шығындары кіреді.	1
3	Үшінші орын үшін жүлде: - дизайнер ZHSAKEN-пен бірлесіп топтама шығару.	1
4	Акцияның бренд-серіктестері ұсынатын арнайы жүлделер: - Almaty Pop-Up Store шарасына тегін қатысу.	3

	- Италиялық MaxMara сән үйінің сөмкесі (Қазақстандағы өкілі – G&G компаниясы). - Коллекцияны Алматы қаласындағы Korkem Store дүкенінде орналастыру.	
--	---	--

4.2. Бас жүлдені Visa Fashion Week Almaty season XI іс-шарасында топтаманы жасауға, тігуге және ұсынуға байланысты емес жеке басқа шығындарға пайдалануға болмайды.

4.3. Бас жүлде құнының ақшалай немесе өзге баламасы төленбейді және берілмейді.

4.4. Жеңімпаз / Резервтік жеңімпаз Бас жүлдені алуға байланысты өз құқықтарын үшінші тұлғаларға беруге және/немесе өзге де жолмен беруге құқылы емес.

4.5. Бас жүлде құнына салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табыстың осындай түрі үшін белгіленген мөлшерлеме бойынша жүзеге асырылады.

4.6. Акцияның техникалық серіктесі өтеусіз алынған мүлік (Бас жүлде) түріндегі Жеңімпаз/Резервтік жеңімпаз жеке тұлғаның табысына қатысты салық агенті болады, Жеңімпаз/Резервтік жеңімпаз туралы алынған деректер негізінде төлем көзінен жеке табыс салығын дербес есептейді және бюджетке төлейді.

4.7. Екінші орын үшін тағылымдаманың кезеңі мен ұзақтығы Жеңімпазбен жеке талқыланады. Екінші және үшінші орын жүлдесі виза, сақтандыру және қатысушының Тағылымдама қаласында болуына байланысты басқа да шығындарды қамтымайды.

4.8. Жеңімпаз / Резервтік жеңімпазы / Акцияның қатысушысы виза алу кепілдігін арттыру мақсатында, басқалармен қатар, виза беру мақсатында әдетте шет мемлекеттердің уәкілетті мекемелері қоятын мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

- Еуропаға кіруге тыйым салудың болмау;

4.9. Ұйымдастырушы және Акцияның серіктестері Жеңімпаздың/Резервтік жеңімпаздың жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігіне қарамастан, виза беруден бас тартқаны үшін жауап бермейді. Жеңімпазға/Резервтік жеңімпазға виза беруден бас тартылған жағдайда, қосымша ұтыс ойыны жүргізілмейді.

4.10. Ұйымдастырушы және Акцияның серіктестері Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатын, анықтамаларды (оның ішінде вакцинация анықтамаларын) немесе Жеңімпаздың/Резервтік жеңімпаздың шетелге шығуына байланысты басқа құжаттарды ресімдеуді жүзеге асырмайды.

4.11. Ұйымдастырушы және Акцияның серіктестері Жеңімпаздың/Резервтік жеңімпаздың шетелге шығу мүмкін еместігіне, рейстердің тоқтатылуына немесе кешіктірілуіне жауап бермейді.

5. Финалистер мен Жеңімпаздарды анықтау тәртібі

6.1. Финалистерді іріктеу төменде көрсетілген критерийлер бойынша балл қою арқылы қашықтықтан форматта өтеді:

1. идеялардың балғындығы-максималды балл 10 балл.
2. Модельдің жаңалығы мен өзектілігі-максималды балл 10 балл.
3. Модельдердің пішіні мен конструкцияның қисындылығы - максималды балл 10 балл.
4. Материал мен пішіннің сәйкестігі - максималды балл 10 балл.
5. Түс шешімінің үйлесімділігі - максималды балл 10 балл.
6. Топтамаға жиналған модельдердің тұтастығы, стильдік бірлігі - максималды балл 10 балл.

5.1. Финалистер тізімі жарияланған күн: 2025 жылдың 31 қаңтарында @visakz_official және @fwalmaty Instagram платформасында.

5.2. 6.3. Жеңімпаздар «Next Designer Award. Empowered by Visa» жабық іс-шарасында Қазылар алқасының дауыс беруі арқылы анықталады – іс-шараның өткізілу күні ұйымдастырушылар тарапынан 2025 жылдың 28 ақпанына дейін белгіленеді, барлық финалистерге 14 күнтізбелік күн бұрын хабарлама жіберіледі.

5.3. Қазылар алқасының құрамын Ұйымдастырушы айқындайды, судьялардың ең аз саны – 5 (бес).

5.4. Финалистер тізімі жария етілгеннен кейін Финалистер жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы, жеке деректерді жинауға және өңдеуге (суретті пайдалануға келісімді қоса алғанда), Ұйымдастырушының қалауы бойынша барлық

ресурстарда Акцияға қатысу туралы жарнамалық сұхбатқа қатысуға жазбаша келісім беруі қажет (Ережеге №2 қосымша).

5.5. Фото және/немесе бейне сессияға қатысудан бас тартуды, Финалистердің жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбауын, фото және бейне материалдарды жариялауға келісімге қол қоймауын Ұйымдастырушы және/немесе Серіктестер Финалистердің финалға қатысудан бас тартуы ретінде қарайтын болады.

5.6. Акция Жеңімпаздары анықталғаннан кейін Бас жүлдені немесе екінші және үшінші орын жүлделерін пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, Бас жүлде Жеңімпазын немесе екінші немесе үшінші орын жеңімпаздарын ауыстыру үшін Қазылар алқасының дауыс беру қорытындысы бойынша 5, 6, 7 орын алған 3 (үш) Резервтік (балама) жеңімпаз анықталады.

5.7. Бас жүлдені ұтыс ойынының нәтижелері Ережелерге №1 қосымшада көзделген нысан бойынша Ұйымдастырушы бөлімшелерінің жауапты қызметкерімен хаттамаланады.

6. Жеңімпазды хабардар ету және жүлделерді тапсыру тәртібі

6.1. Жүлде қорын алу үшін Жеңімпаздар/Резервтік жеңімпаздар жеке басын куәландыратын Құжатты ұсынуы, дербес деректерді жинауға және өңдеуге (суретті пайдалануға келісімді қоса алғанда), Ұйымдастырушының қалауы бойынша барлық ресурстарда Акцияға қатысу туралы жарнамалық сұхбатқа қатысуға жазбаша келісім беруі қажет (Ережелерге №3 қосымша).

6.2. Ұйымдастырушы мен Серіктестер жүлдені Жеңімпаздар/Резервтік жеңімпаздар ала алмағаны үшін, Ұйымдастырушы мен Серіктестерге байланысты емес себептермен жауап бермейді. Бұл ретте Жеңімпаздар/Резервтік жеңімпаздар Ұйымдастырушыдан және / немесе Серіктестерден қандай да бір өтемақы алуға құқылы емес.

6.3. Фото және/немесе бейне сессияға қатысудан бас тартуды, Жеңімпаздардың/Резервтік жеңімпаздардың жеке басын куәландыратын Құжатты ұсынбауын, фото және бейне материалдарды жариялауға келісімге қол қоймауын Ұйымдастырушы және/немесе Серіктестер Ұйымдастырушы және/немесе Серіктестер жауапты болмайтын жүлдені алудан Жеңімпаздардың/Резервтік жеңімпаздардың бас тартуы ретінде қарайтын болады.

6.4. Егер жүлде бренд-серіктеспен коллаборация жасау және/немесе бренд-серіктес дүкенінде коллекцияны көрсету мүмкіндігін қамтыса, кез келген жұмыстарды бастамас бұрын, Жеңімпаз Ұйымдастырушы мен бренд-серіктес арасындағы үшжақты келісімшартты жасауға міндетті, онда барлық тараптар келісетін серіктестік шарттары көрсетіледі. Мұндай келісімшарт жасалмайынша, Жеңімпаз ешқандай жұмыстарды бастауға немесе өз коллекциясын көрсетуге құқылы емес. Осы шарттың орындалмауы жағдайында Ұйымдастырушы, серіктестер және техникалық серіктес Жеңімпаз бен бренд-серіктес арасындағы әрі қарайғы серіктестіктің жауапкершілігін өз мойнына алмайды. Барлық мәселелер Жеңімпаздың жеке шешімімен реттеледі, қатысушылардың қатысуынсыз және жүлдегер мен бренд-серіктестердің кез келген шығыстары мен залалдарына қатысты өтемақы төленбейді.

7. Басқа шарттар

8.1. Қатысушының Акцияға қатысу фактісі оның осы Ережелермен танысуын және осы Ережелерге сәйкес Акцияға қатысуға келісімін білдіреді.

8.2. Ұйымдастырушы және Акцияның серіктестері Акция шарттарын орындау үшін Акцияға Қатысушы шеккен шығындарды және кез келген басқа шығындарды өтемейді және орнын толтырмайды.

8.3. Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Акцияның Ережелері мен шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Акцияның ережелері мен шарттары өзгерген жағдайда Ұйымдастырушы бұл туралы Акцияның шарттарын Серіктестің Интернет - ресурсында (<https://www.visa.com.kz/>) жаңа редакцияда және / немесе Серіктестердің әлеуметтік желілерінде орналастыру арқылы Акцияға

Қатысушыларды хабардар етеді.

8.4. Акцияға қатысушы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді өз бетінше қадағалауға міндеттенеді.

8.5. Егер Қатысушы Акция шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаса және/немесе Акция шеңберінде Қатысушыларға берілетін қандай да бір артықшылықтарды және/немесе көтермелеулерді теріс пайдаланса және/немесе Ұйымдастырушыға жаңылыстыратын немесе дұрыс емес ақпарат берсе, Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Акцияға қатысушылардың қатарынан кез келген Қатысушыны ескертусіз алып тастауға құқылы.

8.6. Егер қандай да бір себептермен Акцияның кез келген аспектісі жоспарланғандай жүргізілмесе, оның ішінде санкцияланбаған араласу, бұрмалау,

техникалық ақаулар және Ұйымдастырушының бақылауынан тыс, Акцияның орындалуын, қауіпсіздігін, адалдығын, тұтастығын немесе тиісті түрде өткізілуін бұрмалайтын немесе оған қатысты себептер болса, Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша акцияны өткізуді жоюы, тоқтатуы, өзгертуі немесе тоқтата тұруы мүмкін.

**«Next Designer Award. Empowered by Visa»
Акциясын өткізу хаттамасы**

Акцияны Ұйымдастырушы:	
Өткізу географиясы:	
Акцияны өткізу күні:	

«Next Designer Award. Empowered by Visa» Алматы қаласында жабық іс-шарасы аясында ұйымдастырылған Акция финалында Қазылар алқасының Дауыс беруі арқылы Финалистердің дайын топтамасын ұсынудың қорытындысы бойынша анықталды:

- Бас жүлденің Жеңімпазы – *ТАӘ, ЖСН*
- Екінші орын үшін жүлденің Жеңімпазы – *ТАӘ, ЖСН*
- Үшінші орын үшін жүлденің Жеңімпазы – *ТАӘ, ЖСН*
- Резервтік жеңімпаз 1 – *ТАӘ, ЖСН*
- Резервтік жеңімпаз 2 – *ТАӘ, ЖСН*
- Резервтік жеңімпаз 3 – *ТАӘ, ЖСН*

Жеңімпазды анықтау шеңберінде жүргізілген барлық іс-әрекеттер Акцияның мәлімделген шарттарына сәйкес келеді.

Комиссия мүшелері

(Т.А.Ә.)

(қолы)

Кімге: «SEED AD» ЖШС-ға

ӨТІНІШ

- Осымен, Мен, _____, ЖСН _____
- «Next Designer Award. Empowered by Visa» (бұдан әрі – Акция) Акциясын өткізу шарттарымен танысқанымды растаймын, сондай-ақ оның шарттарымен келісемін;
 - Акцияға, оның ішінде радио мен теледидарға және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарына қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға қатысуға немесе графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін түсіруге келісемін, ол үшін менің фотобейнемді пайдалануға өз келісімімді беремін;
 - Акцияны Ұйымдастырушы болып табылатын «Шадибеков Б.А.» ЖК қызметкері емес екенімді растаймын.
 - Серіктестердің қызметкері болып табылмайтынымды растаймын;

Акцияның Финалисті:

Т.А.Ә. _____ қолы _____

Күні:

Кімге: «SEED AD» ЖШС-ға

ӨТІНІШ

Осымен, Мен, _____, ЖСН _____

- «Next Designer Award. Empowered by Visa» (бұдан әрі – Акция) Акциясын өткізу шарттарымен танысқанымды растаймын, сондай-ақ оның шарттарымен келісемін;
- Акцияға, оның ішінде радио мен теледидарға және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарына қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға қатысуға немесе графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін түсіруге келісемін, ол үшін менің фотобейнемді пайдалануға өз келісімімді беремін;
- «Шадибеков Б.А.» ЖК және «SEED AD» ЖШС-не 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге Акцияны және оның жеңімпаздарын (оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде Ұйымдастырушының, Серіктестердің және оның серіктестердің ресми беттерінде, баспасөз басылымдарында) жариялау мақсатында менің бейнелерімді, тегімді, атымды, әкемнің атын, ЖСН қоса алғанда, менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге келісімімді беремін;

Акция Жеңімпазы:

Т.А.Ә. _____ қолы _____

Күні: